



ӘОЖ: 94(574)/343.21

ҒТАХР 03.23.23

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.99(3).123

¹Утегенов М.З.*, ²Сейфулин Т.Е., ³Жанисов А.Т.

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан

²Ақмола облысы Зеренді ауданының мемлекеттік архиві

³М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ.,
Қазақстан

*Корреспондент-авторы: utegenov@inbox.ru

E-mail: utegenov@inbox.ru, arhiv_zeren@aqmola.gov.kz, zhanisov79@gmail.com

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЗЕРЕНДІ АУДАНЫНДАҒЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЬЛЕР ТАРИХЫ (1930-1950 ЖЖ): АУЫЗША ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ

Андатпа. Мақалада Ақмола облысы Зеренді ауданы аумағындағы ХХ ғасырдың 30-50-ші жылдарындағы түзеу-еңбек лагерлерінің тарихын зерттеу болып табылады. Өткен ғасырдың 30-50-ші жылдарында Ақмола облысы аумағы сталиндік лагерлер, депортация, саяси жер аударудың негізгі орындарының біріне айналғаны белгілі. Зұлматты жылдары Қазақстан аумағында Карлаг, Степлаг жүйелері кең тарағаны мәлім, олардың тарихы өзіндік зерттеу тарихына ие: аталмыш лагерьлер Тәуелсіздік жылдарынан бастап зерттеушілер, тарихшылар, өлкетанушылар тарапынан зерттелуде. Соңғы жылдары архив құжаттары құпиясыздандарылып, бұрын жабық болған тақырып бойынша жаңа тың деректер жарияланып, бұл оқиғаларға жаңаша көзқарас қалыптасуына өз септігін тигізді. Алайда, Ақмола облысы, соның ішінде ХХ ғасырдың 30-шы-50-ші жылдары Зеренді аумағында құрылған еңбекпен-түзеу лагерьлерінің желісі жайлы мәліметтер өте тапшы болатын. Атап айтқанда, бұл лагерьлер желісі орны нақты қай жерде орналасқаны, бұл лагерьлерде кімдер тұтқында болғаны жайлы мәліметтер осы күнге дейін белгісіз болатын. ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаевтың 2020 жылдың 24-ші қарашасындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия құру» жөніндегі Жарлығынан кейін, Зеренді аумағындағы лагерьлерге далалық экспедициялар сериясы ұйымдастырылды. Ғылыми зерттеу барысында архивтік құжаттар (Ақмола облысы мемлекеттік архиві), ауызша-нарративті деректер, және далалық экспедиция барысында табылған деректер пайдаланылды.

Кілт сөздер: Еңбекпен түзеу лагерлері; саяси қуғын-сүргін; Ақмола облысы; Зеренді ауданы; архив құжаттары; күшпен қоныстандыру; жер аудару; далалық экспедициялар; немістер; украиндар; зиялы қауым.



Kipicne

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау еліміздің тарихындағы өзекті мәселелердің бірі болды. Кеңестік саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен көптеген отандастарымыздың есімдерін қалпына келтіру жылдар бойы жалғасуда. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау еліміздің тарихында ерекше орын алатын, өзекті мәселе болып табылады. Кеңес дәуіріндегі саяси репрессиялар кезінде жазықсыз қудаланып, кеңестік жүйенің әділетсіздігіне ұшыраған құрбандардың есімдерін қалпына келтіру, өткеннің ауыр сабақтарын ұрпақтарға жеткізу — тарихшылар мен зерттеушілердің басты міндеттерінің бірі. Ақмола облысы Зеренді ауданының аумағында ХХ ғасырдың 30-50 жылдары ұйымдастырылған түзеу-еңбек лагерлері туралы деректер әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Атап айтқанда, осы лагерлерде кімдер болғаны, олардың орналасқан жерлері, тұтқындардың тағдыры туралы мәліметтер тым мардымсыз. 2020 жылы 24 қарашада ҚР Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі жарлығынан кейін зерттеулердің жаңа кезеңі басталып, бұрынғы жабық тақырыптар бойынша тың деректер жарияланып келеді. Бұл қадамдар арқылы архивтік құжаттарды зерттеу, ауызша деректер жинау және далалық экспедициялар ұйымдастыру жұмыстарын жандандыруға мүмкіндік берілді. Бұл жұмыстардың нәтижесінде жаңа тың деректер мен мәліметтер табылып, бұрын белгісіз болған лагерлердің орналасқан жерлері мен тұтқындардың тағдырлары туралы ақпарат ашылып отыр. Бұл зерттеу Зеренді ауданындағы еңбекпен түзеу лагерлері жайлы жаңа мәліметтерді ашуды мақсат етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында Ақмола облысы мемлекеттік архивінің құжаттары, ауызша-нарративті деректер және далалық экспедициялардан алынған мәліметтер пайдаланылды. Архивтік құжаттар арқылы түзеу-еңбек лагерлерінің тарихы мен тұтқындардың азаматтығы туралы ақпарат алынды. Ауызша деректер мен жергілікті тұрғындармен сұхбаттар зерттеуге қосымша дәлелдер мен нақты ақпарат берді. Далалық экспедициялар барысында Зеренді ауданының Баратай және Симферополь ауылдарында лагерлердің орналасқан жерлері мен жерленген орындар табылды. Аталмыш материалдарды өңдеу мен пайдалану үшін тарихи зерттеулерде кең қолданылатын объективтілік, тарихилық қағидаттары мен жүйелілік әдісі қолданылды. Тиімді зерттеу мақсатында салыстырмалы талдау, анықталған деректерді қарау кезінде сыни көзқарас сияқты әдістер қолданылды. Әр түрлі әдістерді кешенді қолдану зерттелген тарихи жағдайды объективті түрде көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

ХХ ғасырдың бірінші жартысында орын салған саяси қуғын-сүргін үдерістері Қазақстанды саяси-әлеуметтік сынақтардың полигонына айналдырып, қазақ халқына бұрын-соңды болмаған ауыр демографиялық-гуманитарлық апаттар әкелді. Ұжымдастыру науқаны барысында мыңдаған жылдары бойы қалыптастқан дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығы мен тұрмыс-салты құрдымға кетіп, қазақ ауылдары жойылды. Сонымен қатар, сталиндік-советтік жүйе мұнымен тоқтамай, әртүрлі халықтар мен әлеуметтік топтарды жер аударып, қазақ жерін «халықтар түрмесіне» айналдырды.



Қазақстан аумағында, басқа Кеңестік республикалардағыдай, лагерьлердің бас басқармасы (ГУЛАГ) жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын түзеу-еңбек лагерлері жүйесі құрылды және жұмыс істеді. Оның құрамына Қарлаг, АЛЖИР, Дальний, Степной (СтепЛАГ), Песчаный, Ақтөбе, Жезқазған лагері, Петропавл, Кеңгір лагері және Өскемен лагерлер-мекемелері кірген болатын. Олардың арасында, ең алдымен, оның мөлшеріне, сондай-ақ режим мен арнайы контингенттің ерекшеліктеріне байланысты отыз жылға жуық (1930-1959 жж.) жұмыс істеген қарағандылық түзеу-еңбек лагері жетекші маңызға ие болды.

Отандық тарихнамада еңбекпен түзету лагерлері тақырыбы негізінен Карлаг, Степлаг және АЛЖИР сияқты ірі лагерлерге қатысты зерттеулермен байланысты [1; 2; 3; 4; 5; 6; 7; 8; 9; 10; 11; 12 және тб.]. Алайда, осы аталмыш лагерлердің құрылымдық кіші бөлігі болып табылатын басқа лагерьлердің жұмысы, қызметі және тарихы әлі толыққанды зерттелмеген. Атап айтқанда, архив құжаттарын талдау жұмыстарымен қатар, лагерлер орнын іздеп-табу, жергілікті тұрғындардан нарративті деректерді жинау жұмысының жүргізілмеуі лагерьлер тарихын зерттеу жұмыстарының кемшіл тұсы болып отыр.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылдың 24 қарашасында саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Жарлығынан кейін Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті жанындағы «XX ғасырдың 20-50 жж. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Жобалық кеңсе» құрылып, аталмыш бағытта зерттеу жұмыстарын қолға ала бастады. Ақмола облысының осы Жобалық кеңсесі еліміздің өзге облыстарында құрылған кеңселер сияқты саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша жұмыстарды бірнеше бағытта жүргізгенімен, зерттеу жұмыстарын осы ГУЛАГ лагерлер жүйесінде жапа шеккен құрбандарын ақтау бойынша жүргізген болатын (1-сурет).



1-сурет. Далалық зерттеу экспедиция тобының мүшелерінің еңбекпен түзету лагерінің орнына ескерткіш тақта орнату сәті



Нәтижесінде, Ақмола облысының Зеренді ауданында орналасқан еңбекпен түзету лагерлерінің кіші желісінің тарихы мен орналасқан орындары бүгінгі таңда анықталып отыр. Бұл жерде Баратай, Приречный, Уголки, Ключи, Симферополь елдімекендерінің маңында шоғырланған лагерьлер туралы жаңа мәліметтер табылып, зерттеу ауқымы кеңейтілуде. Бұл елдімекендердің маңында лагерьлерді орналастыру кездейсоқ тандалмағаны анық. Себебі, бұл аймақ орманды алқаптардың арасында орналасқан, бұл өз кезегінде тұтқындарды оқшаулап, бақылауды жеңілдететін тиімді жағдай жасады. Сонымен қатар, орманды аймақтардың қолжетімділігі мен табиғи қорғаныс қасиеттері күшпен жұмыс істетілген тұтқындардың қашуын болдырмау мақсатында пайдаланылған болуы мүмкін. Бұл лагерьлердің барлығы сол кезеңдегі адам құқықтарының бұзылуы мен қатаң еңбек тәртібінің ауырлығын көрсететін тағы бір мысал болып табылады.

Осы жерде еңбекпен түзеу лагерлерінің тарихын толығырақ ашу үшін Ақмола облысының қуғын-сүргін туралы немесе аймақ Кеңес Одағы халықтарын саяси қуғын-сүргін мен депортациялаудың орталығына айналғаны туралы біраз мәлімет беру керек деп санаймыз. 20-жылдардың басында Ақмола губерниясының аумағы кең болды. 1921 жылы 25 сәуірде Петропавл қаласында орталығы бар Ақмола губерниясы құрылды, оның құрамына Көкшетау (63 болыс), Ақмола (75 болыс), Атбасар (51 болыс), Петропавл (44 болыс) және Черлак (15 болыс) уездері кірді [13, 26]. 1926 жылы Ақмола облысында 1 211 559 адам өмір сүрді, оның ішінде 430 804 қазақ, 394 113 орыс, 21 192 неміс, 312 338 украин және басқа да халықтар [14, 588]. Содан кейін Ақмола округі, Ақмола облысы құрылды. Облыс құрамына Қазақстанның орталық, солтүстік бөлігі кірді, ол әрқашан кеңестік қуғын-сүргін саясатының эпицентрінде болды. 1932 жылы 20 ақпанда бұл аудандар орталығы Петропавл қаласында орналасқан жаңа құрылған Қарағанды облысының құрамына енді. Осы жылдары Солтүстік Қазақстан аймағы Республиканың ашаршылыққа ұшыраған алғашқы өңірлерінің қатарында болды. Бұл аймақта тұратын қазақ халқының жартысынан астамы – 409 мың адам немесе 51,4% осы өңірде із-түзсіз жоғалды [14, 376]. Ашаршылық кезінде қазіргі Ақмола облысы барлық облыстар арасында ең көп зардап шекті. Облыс республика аумағының шалғай бөлігінде орналасқан, қазақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Бірақ Кеңес өкіметі бұл туралы алаңдамады. Адамдардың шығындарын еңбекші қоныс аударушылар мен арнайы қоныс аударушылар (спецпереселендер) толтырды.

1936 жылы 29 шілдеде Қарағанды облысының құрамынан солтүстік аудандар бөлініп, Солтүстік Қазақстан облысы құрылды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1939 жылғы 14 қазандағы Жарлығымен орталығы Ақмола қаласында болған Ақмола облысы құрылды. 1939 жылы Ақмола облысында барлығы 458 509 адам өмір сүрді, оның ішінде 120 480 — қазақ, 207 882 — орыс, 10 104 — неміс, 81 819 — украин және басқа ұлттар [14, 588]. Көріп отырғанымыздай, облыс қысқа мерзім ішінде көптұлттандырылып, аймақтың топонимикасы танымастай етіп өзгерді. Еңбек ауылдары салынып, өзге ұлт өкілдері есебінен халық саны көбейді.



Ақмола облысына халықтарды күштеп орналастыру бірнеше кезеңдерден тұрды: соғысқа дейінгі бірінші кезең 1936-1941 жылдарды қамтиды, екінші кезең соғыс жылдары, үшінші кезең соғыстан кейінгі жылдармен байланысты. Күштеп қоныстандырудың бірінші кезеңінде, 1936 жылдары Украина мен Беларусь аумағындағы поляктар мен немістер көшірілсе, 1937 жылы Қиыр Шығыстан кәрістер күштеп жер аударылған болатын, ал 1939-1941 жылдары поляк ұлт өкілдерін күштеп көшіру ұйымдастырылды. Халықтарды күштеп қоныс аудару науқанын билік КСРО-ның шекаралас аумақтарын қорғау шараларының қажеттілігімен түсіндірген болатын. Екінші кезеңде Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарын (кейінірек Ақмола облысы) 1941 жылы депортацияланған немістер, ал 1944 жылы шешендер мен ингуштар толықтырды. Соғыс уақытындағы депортация «фашистерге көмек көрсетті» деп айыпталған халықтар үшін жаза түрі болды. Соғыстан кейінгі үшінші кезеңде және И.В. Сталин қайтыс болғанға дейін республикаға «власовшылдар», «басмаштар» аздау көлемде жер аударылды [15; 30].

Нәтижесінде, 1959 жылы Ақмола облысында 96 362 неміс және 10 459 поляк, 6 295 шешен, 5 159 ингуш және өзге ұлт өкілдері мекендеді [14; 588]. Сонымен қатар, облыс аумағында сталиндік лагерлер (соның ішінде КАРЛАГ жүйесі де) болды. ГУЛАГ жүйесі аясында Ақмола облысында ОГПУ жанында спецпереселендердің Басқармасы құрылды, ол өз кезегінде, Ақмола, Қарағанды, Осакаровка, Тайынша және Шортанды аудандық комендатураларынан құралған болатын. КАРЛАГ жүйесінің құрылымдық бөлігі болып табылатын бұл аудандық комендатуралар 32 спецкомендатуралардан (32 елдімекен) құралды. Солардың бірі №26 еңбек елдімекенінде орналасқан АЛЖИР («Акмолинский лагерь жен изменников Родины» әйелдер лагері еді. Сонымен қатар, осылардың қатарына 2021 жылы архив деректері [16; 17; 18; 19; 20] мен жергілікті халықтың жадында сақталған ауызша-нарратив естеліктері [21] негізінде орындары нақты белгіленіп, анықталған Зеренді ауданындағы төрт лагерьді қосуға болады.

Зеренді ауданында табылған лагерлер

«Ключи» ОЛП-3 лагері. «Ключи» ОЛП-3 лагері Ақмола облысы Зеренді ауданының Уголки және Баратай ауылдарының арасында 6-7 шақырымда Көкшетау қаласының солтүстік-батысынан 69 км шақырым қашықтықта орналасқан (2-сурет).

Қоғамдық (ұжымдық) санада еңбекпен түзеу лагерь жайлы деректер, әдетте құрғақ ресми канцеляр тілмен жазылған архив мәліметтерімен ассоциацияланады. Лагерьде қамалғандардың жеке іс-парақтары, туған жылы, сот үкімі, қысқа, үзік-үзік ақпараттар. Неміс жазушысы Э.М. Ремарк айтқандай, «бір адамның өлімі – трагедия, миллион адамның өлімі – статистика», дегенімен, дәл осы сандардың, құрғақ деректер мен үкімдердің тасасында тірі адамдардың тағдыры жатыр. Архив деректерінің сараң мәліметтерін орнын толтырып, еңбекпен түзеу лагерьлерінің құпия тарихын ашу мақсатында зерттеушілер тың деректерді жергілікті халықтың тарихи жады (*историческая память*) ақпарат көздеріне жүгінді.

Зерттеу жұмысы барысында лагерь туралы алғашқы деректерді зерттеушілер Уголки ауылының ақсақалы Нығметжан Закирин мен ауыл әкімі



Ерлан Қожабековтің көмегімен анықтады. Ал лагерьдің тұрмыстық тіршілігі мен ондағы адамдардың нақты өмір шындығына қатысты маңызды мәліметтер Еленовка селосының тұрғыны Қалима Хаметова мен Уголки ауылында 1941 жылы жер аударылған неміс отбасылары арасында өмір сүрген Фрида Кемнің естеліктері арқылы толықты. Ауызша тарих әдісі арқылы алынған бұл деректер лагерьлердің ресми құжаттардан тыс қалған шынайы болмысын ашуға септігін тигізіп, архивтегі «құрғақ» мәліметтердің артында жасырулы жатқан адам тағдырларын жанды бейнелеуге жол ашты.




2-сурет 2 «Ключи» ОЛП-3 лагерінің орналасу сызба-нұсқасы

Лагерьдің орны шамамен 6-7 га аумақты алып жатыр. Ағаш тіктеп ұзыннан салынған екі жартылай жертөле барактардың орны әлі де анық көрініп тұр. Төңірегінде офицерлер тұратын 7-8 үйдің іргетасы жатыр. Сол жағында қоймалар және ат ұстайтын қоралар орны бар. Нығметжан ағамыздың айтуынша, лагерь өне бойы сым тормен қоршалып, төрт бұрышында биік күзет мұнаралары тұрған [21, 74-75]. Лагерь басшысы Хаметов Айкеннің қызы, қазіргі уақытта Еленовка селосында тұрып жатқан, жасы 76 келген Қалима апай Хаметовамен кездесудің сәті түсті. Ол кісінің айтуынша, әкесі Хаметов Айкен 1900 жылы Әлжан ауылының (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы) тумасы. Жастайынан жетім өскен әкесі аштық уақытында Ақсудағы балалар үйінде өсіп, жеті жылдық мектепті аяқтап, кейін әскер қатарына шақырылады (Сурет 3). Мәскеу түбіндегі жеті айлық командирлер курсына оқып, 1941 жылы әйгілі 316-атқыштар, яғни, Панфилов дивизиясының құрамында соғысқа қатысады. Бір жылдан соң жарақат алып, әскер қатарына жарамайтын болып елге қайтарылады. «Әкем алғашында Приречное селосындағы әйгілі №11 колонияда, сосын Аяқкөл еліндегі (Аяқкөл ауылы Кеңес уақыты жылдары Озерное деген атау иеленіп, бүгінгі таңда ауылдың орны ғана қалған, ауыл қазіргі Ақмола облысы, Зеренді ауданының Симферополь ауылынан маңында орналасқан) лагерьде, ал 1949 жылы сол Ключиге начальник боп ауысты. Ол кезде мен төрттемін, жалпы алты бала болдық, екі ұл, төрт қыз. Халық арасында әкем сияқты НКВД жүйесіндегі қызметкерлерді «үндеместер» дейтін. Ключи деп атаған себебі – сол маңайдағы



орман атырабында суы өте таза, қысы-жазы ағып жататын көзі таусылмас бұлақ болатын, содан бүкіл лагерь су алып істеріне жарататын, соған бола қойса керек, бергін жабылып қалыпты» [21, 75].

Лагерьде қамалған тұтқындардың негізгі контингентін құраған орыс-қазақ ұлтының өкілдері құраса, сонымен бірге Кеңес Одағының батыс өңірінен саяси көзқарастары үшін жер аударылған украин, неміс, латыш, литва ұлт өкілдері де болды. Лагерьдің тұтқындары барактарда, жертөлелерде, ат қораларда, қоймаларда (бұл барактардың орны 2021 жылы далалық экспедиция барысында анықталды) тұрды. Тұтқындар негізінен, орманда ағаш құлатып, Қарағанды лагеріне ағаштан құрылыс материалдарын әзірлеген, күз айларында қысқа дайындық ретінде колхоздарға мал азығына шөп шауып, отын дайындаған. Лагерьде ұлты орыс дәрігер болған. Тұтқындарда бірыңғай киім, яғни форма болмаған. Тұтқындарды солдаттар күзетпеген, арнайы мылтықпен қаруланған күзетшілер болған («оларды стрелоктар дейтін»). Күзетшілерді стрелоктар деп атауы олардың тұтқындарды лагерден қашу барысында мылтықпен ату - жазалау құқығын аңғартқандай. Күзетшілер қатарына жергілікті тұрғындарда тартылған екен, Қалима апайдың естелігі бойынша қазіргі Зеренді ауданының Жылымды ауылының Ескендір есімді күзетші болған екен («кейін ауылында молда болды») [21, 76].



3-сурет ОЛП-3 лагерінің басшысы Хаметов Айкеннің қызы Хаметова Алияның туу туралы акті



Жаз айларында лагерьде тұтқындар саны 500 ге дейін жетіп, барактарды өндеуге әйел адамдарды да әкелген. Жазасын өтеушілер барактардың артындағы бұлақтың суын ішуге пайдаланған. Кейін 1970-80 ші жылдары осы бұлақтың орнын тапқан адамдар, жақын жерге егілген ағаштарды суару мақсатында ор қазған кезде адамдардың сүйектері шыққан екен. Бұл жерлер тұтқындардың жаппай жерленген орны боп шықты [21, 77].

Лагерь басшысы Айкен Хаметовтің тағдыры. Біздің зерттеушілер тобы жүргізген далалық экспедиция барысында Қалима апай өз әкесі Айкен Хаметов («Ключи» лагерінің басшысы) туралы да тың деректермен молынан бөлісті. Қалима апайдың естелігі бойынша әкесі үстінде «кожаный плаш, фуражк, галифе шалбар, белдігінде маузер кобурасымен, үш пар ат жеккен пәуескемен жүрген» лагерь аумағында ықпалды билігі зор адам болған екен.

Қалима апайдың айтуы бойынша лагерьді басқару оңайға соқпаған, себебі Айкен Хаметовтің әрбір қадамын жұрт аңдып, қателескен жерін бағып отырған. Тығырыққа тірелген қиын сәттерде (стандарттан тыс жағдайларда) Айкен Хаметов қулық-амалдарға барған жағдайлары да болған екен. «Өзің білесің, Дәуқара ауылын «Қырық бақсы» елі дейтін бұрынырақта, сол ауылдан бір күні әкемнің танысы, досы, бақсы-емші келмей ме біздің үйге, Жатып қонақ болды. Содан біреулер жеткізсе керек. Бастықтың үйінде діннің адамы, жау элемент жатыр деп, Көкшетаудан үш-төрт адам ұстауға шығыпты. Әйтеуір, әкеме таныстары айтқан ба, қамданып үлгеріпті. Шешеме айтып арақ алғызып, екеуара күткен ғой. Милиция келгенде арақты көріп таң қалыпты. «Бұл кісі ешқандай бақсы емес, бақсы адам арақ ішуші ме еді» - десе керек. Солай өзін де, ана кісіні де қамаудан алып қалған ғой. Күлетін шарифат жолындағы адамға арақ іштірдім-ау деп» [21, 76].

Айкен Хаметов «Ключи» лагерін 1952 жылға дейін басқарып, кейін Рузаев ауданындағы Чернозубовка деген ауылдағы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы) тұтқындар лагеріне ауыстырылады. «Ол бір өте үлкен лагерь еді, кісі де көп отырды және ең ылғи ауыр қылмыс істегендер, он, он бес, жиырма бес жылға сотталғандар, Батыс Украинадан көп еді, «бандерашылдар» дейтін. Жұмысы ауыр болатын. 1953 жылы мартта Сталин қайтқан соң, біртіндеп лагерьлер жабыла бастады. Сол жазда ауыр қылмысы бар екі адам әкеме келіп, жалған құжат жасатпақшы болған екен, ертерек босату үшін. Оған әкем қарсы болған, келіспеген. Рұқсатты жоғары жақ береді ғой ол кезде. Содан партсобраниеден шығып келе жатқанда сол өшіккендер жанындағы жас агроном орыс жігіті екеуіне жабылады. Әкем ірі, қарулы болатын, тұтқиылдан артынан тиіссе керек. Есіл өзенінің көпірінің үсті екен... Солай қаза тапты. Екі аптадан кейін денелері табылды. Алматыдан ұшақпен комиссия да келіп тексерді, кінәлілерді тапты деп естідік, сол жерге жерледі, кісі көп жиналды» [21, 76-77].

Ключи лагері тарихын зерттеу барысында соғыс жылдары Қазақстанға күштеп жер аударылған этнос өкілдерінің тұрмыс-тіршілігі мен олардың жергілікті қазақ халқымен арадағы өзара байланысы жөнінде маңызды мәліметтер жинақталды. Аталған бағыттағы ерекше құндылыққа ие дереккөздердің бірі - Саратов облысындағы (бұрынғы Бальцер, қазіргі Красноармейск қаласы) неміс



диаспорасынан шыққан Фрида Георгиевна Кемнің естеліктері. Оның куәліктері тарихи жады мен ауызша тарих әдістеріне негізделіп, лагерьдегі өмір шындығын, күштеп жер аударылғандардың әлеуметтік бейімделу үдерісін және этносаралық қатынастардың қыр-сырын ашып көрсетеді. Бұл мәліметтер ресми архив құжаттарын мазмұндық тұрғыдан толықтырып, тарихи шындықты кешенді тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік береді. «1941 жылы бізді Баратай ауылына әкелді. Бұл ауылда жергілікті халық күштеп көшірілігендерді өз үйлеріне бөліп алды. Негізгі үйлері ол кезде кигіз үйлер, ошақтағы от бір уақыт сөндірілмейтін. Жаз шыға әкеммен келген неміс жігіттері бірігіп, пеш пен кірпіш жасауға жарамды балшық тауып алып, елге пеш салуды көрсеткен. Бұл маңда жеміс-жидек өте мол. Қысқыға кептіріп, азық қылатынбыз. 1949 жылы орманшылар тұратын «Ключи» дейтін жерге көштік. Жанында лагерь болды. Бұл жерде әкем ағаш дайындаушы болып істеген. Жазаға тартылғандар қатары әр түрлі, саяси тұтқындар, зиялы қауым өкілдерімен қатар қарапайым шаруалар да отырған. Негізінен аз-маз масақ, бидай ұрлаған үшін отырғандар болды. Жазда адам саны 500-ге дейін жеткен. Себебі, жөндеу жұмыстарына әйелдерді әкелген. Орталығы Жамансопкада болып, азық-түлікті сол жақтан тасыған. Адамдардың аш болғаны соншалық, олар көрші Антоновка селосына қашып барып келетін болған. Олар біздің үйге келгенде әкешем үйде бар азықтан аздап бөлісіп беретін еді. Үйде ешкім болмаса, қашқын-тұтқындар үйімізге кірмейтін» [21, 77-78].

Лагерь ОПЛ-3 МВД лагері. Ақмола облысы Зеренді ауданының Үлгілі ауылынан 5-6 км жерде Қауқарағай орман маңында, Жыланды тауының етегі, солтүстігінде Қылшақты өзені бойында орналасқан. Лагерьдің аумағы шамамен 7-8 га жерді құрайды. Сым тормен қоршалып, төрт жағында биік күзет мұнарасы болған екен. Лагерь орнында 11 барактың орны табылды (екі үлкен барактың аумағы 12x65 м, екі барак 9x16 м, төрт барак 9x12, және 12x30 м, 12x22 м, 12x20 м болатын орташа жартылай жертөле барактар). Соңғы үшеуінің тастан қаланған іргетасына қарағанда, бұл жерде лагерь қызметкерлері тұрса керек. Сонымен қатар, шаруашылық құрылыстары, пеш кірпіштерінің қалдықтары сақталған наубайхана, құдық және жер асты қоймасының орындары анықталды. Бір уақытта бұл жерде ерлермен қатар әйелдер де өз мерзімдерін өтеген. Лагерьде қылмыскерлермен қатар, зиялы қауым өкілдері, мұғалімдер, колхоз председательдері және бір уыс бидай ұрлағаны үшін сотталған қарапайым шаруалар және жалған айып табылған жандар отырған. Лагерьде шамамен 2000-ға жуық адам жазасын өтеген. Сотталғандар Қарағанды шахтасына тіреу ағаштар, Көкшетау қаласының жылу қазандығы мен теміржол паровоздарына қысқа кесілген отын дайындаған. Әлі күнге дейін жұмыс жасайтын жерге апаратын ескі жолаяқ іздері сақталған. Қайтыс болған адамдардың мүрдесін кейде өрттеп, күлге айналдырып, құтылған жайттар да орын алған [21, 73-74].

«Озерный» лагері. Бұл лагерьдің орны қаладан 30 км жерде Симферополь ауылының маңында 3-4 км жерде орналасқан. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, бұл жерде саяси тұтқындармен бірге жапондық әскери тұтқындары және әртүрлі қылмысы үшін сотталған әртүрлі ұлт өкілдері отырған. Жергілікті халық оларға азықпен, киім-кешек, дәрі-дәрмекпен көмектесіп отырған. Бүгінгі күні, барактардың екі ғана бөлшегінің орны қалған, себебі, бұл жер ауыл



тұрғындарының қоқыс төгетін орнына айналғандықтан жабылып қалған. Бір шақырым жерде тағы осындай барактардың орны қазіргі егін алқабына айналған. Көзі көрген қариялардың айтуы бойынша, бұл жердегі лагерде шамамен 2000 адам өз жасасын өтеп, 1949 жылға дейін отындай дайындау, кірпіш құюмен айналысқан. Жапондық тұтқындардың қолымен салынған су көтеретін мұнара әлі күнге дейін тұр. Ауыл ақсақалдары Ғалым Омаров пен Манап Баймұратовтың айтуы бойынша лагерден 2 км қашықтықта ұшақ қонатын аэродром болған. Күзетшілер негізінен НКВД қызметкерлерінен құралған, оларды «стрелки» деп атаған [21, 78].

«Приречный» лагері (НКВД №14 колониясының 3 бөлімі). Лагерь Ақмола облысы Зеренді ауданының Приречный селосының маңында орналасқан. Лагерь 1930 жылы Шағалалы өзенінің сол жақ жағалауы бойында КСРО-ның батыс аудандарынан саяси тұтқындары үшін құрылған. Өзеннің оң жағында жүзге жуық колония қызметкерлері мен шаруашылық қызметкерлері үшін үйлер салынған. Жазасын өтеушілер 1 жылдан 25 жылға сотталғандар, жалпы саны 3000-ға дейін жеткен. Кейін колония маңына офицерлерге арналған дайын ағаш үйлер мен барактар салынған. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, лагерь басшыларына үй салу үшін жақын маңдағы Еленовка селосындағы кулактардың қарағайдан салынған үйлерін бұзып әкелген. Бір уақытта әйелдер мен ер адамдар жазасын өтеп, бір-біріне баруға қатаң тыйым салынып, ортасы биік дуалмен бөлінген. Лагерь ортасында карцер де болған көрінеді, айыбы барларды осыған қамап, жазалап отырған. Лагерь үш бөлікке бөлініп, барлығы 17 баракты құраған. Лагерьде қайтқан кісілер, лагерь маңындағы шұңқырға көмілген екен. Соғыс жылдары село халқы күштеп жер аударылған неміс, ингуш, латыш, поляк, украин, белорустармен толығады. 1945 жылы тамызда Жапония соғыстан жеңілген соң, соң Қиыр Шығыстағы Харбин қаласы азат етіліп, сондағы ақ эмигранттар 3-4 жылдан соң Қытайдан Кеңес Одағына қайтуға рұқсат алады. Ондаған отбасы Көкшетауға поездбен келіп, одан әрі Приречный селосына келіп, орналасады. 1953 жылы Сталин қайтыс болғаннан кейін колония жабылып, тұтқындардың көпшілігі осы жерде тұрақтап қалады [21, 78-79].

Қорытынды

Зеренді ауданындағы ХХ ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихы – әлі толық зерттелмеген, бірақ ел жадында терең сақталған ауыр кезеңдердің бірі. Бұл зерттеу барысында табылған нақты мәліметтер мен тарихи деректер сол заманның зұлмат шындығын айқындай түсті. Архивтік құжаттар, далалық экспедиция нәтижелері және ауызша естеліктер Зеренді аумағындағы «Ключи», «Озерный», «ОПЛ-3», «Приречный» сияқты лагерьлердің орналасқан жерін, олардың құрылымын, тұтқындардың өмір сүру жағдайын және жалпы лагерьлер жүйесінің қасиретті шындығын ашуға мүмкіндік берді.

Бұл лагерьлердің барлығы саяси қуғын-сүргіннің көрінісі ғана емес, сонымен қатар қарапайым халықтың, түрлі ұлт өкілдерінің қиын-қыстау сәттерде бір-біріне көрсеткен көмегінің де куәсі. Жер аударылғандар мен жергілікті тұрғындар арасындағы байланыстар, өзара көмек, ортақ тағдырлар осы кезеңнің адамгершілік өлшемін де көрсетеді. Аймақ тұрғындарының естеліктері мен куәліктері арқылы ресми тарихта көрініс таппаған, бірақ ел жадында сақталған құнды деректер жинақталды.



Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қазіргі мемлекеттік саясат аясында осындай зерттеулер ерекше маңызды. Олар тек жазықсыз жапа шеккендердің есімін қалпына келтіріп қана қоймай, жас ұрпаққа тарихтан тағылым алуға мүмкіндік береді. Зеренді ауданындағы лагерьлердің тарихын зерттеу – болашақта осы бағыттағы іргелі еңбектерге негіз бола алатын маңызды қадам. Бұл жұмыс ел тарихындағы ақтаңдақ беттерді ашып, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге зор үлес қосады.

Алғыстар

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Есіл-Сілеті тарихи-географиялық аумақ тұрғындарының тұрмысы мен мәдениеті: этноархеологиялық зерттеу» (ЖТН АР23490379) тақырыбындағы 2024–2026 жж. гранттық қаржыландыру жобасы аясында даярланды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Абылхожин Ж. Б., Козыбаев М. К., Татимов М. Б. Казахская трагедия // Вопросы истории. - 1989. - № 7. - С. 53-71.
- [2] Козыбаев М.К. История и современность. Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 203 с.
- [3] Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана XX века. – Алматы, 1997. – 358 с.
- [4] Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг. – Караганда: Нац. агентство по делам печати и массовой информации Республики Казахстан, 1997. – 175 с.
- [5] Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. – Алматы: Фонд «XXI век», 1997. – 243 с.
- [6] Кыдыралина Ж.У. Депортированные в Казахстан народы: история и современность – Алматы: Ғылым, 1999. – 187 с.
- [7] Алдажуманов К.С. Расселение депортированных немцев в Казахстане в 1941-1945 гг. История немцев Центральной Азии. – Алматы, 2000. – С. 245-250.
- [8] Дильманов С.Д. Исправительно-трудовые лагеря на территории Казахстана (1930-1956 гг.). – Алматы, 2002. – 350 с.
- [9] Елеуханова С.В. История Карлага: охрана, режим и условия содержания заключенных (1930-1956 гг.): автореф. ... канд. ист. наук. – Караганда, 2009. 24 с.
- [10] Алланиязов Т.К. Карлаг: Кенгирское восстание. К истории восстания заключенных 3-го отделения Степного лагеря МВД СССР (16 мая – 26 июня 1954 года). – Караганды: Болашақ-Баспа. 2010. – 305 с.
- [11] Ісләмұлы І. Қарлаг тұтқынында болған діни қызметшілер. Священнослужители – узники Карлага. - Караганда: Болашақ-Баспа, 2013. – 338 б.
- [12] Мұсағалиева А.С. Солтүстік Қазақстандағы «Алжир» әйелдер лагерінің тарихы: тарихнама және мұрағаттық деректер. // «edu.e-history.kz» халықаралық электронды ғылыми журналы. (4), 15. 12. 2016. 245-254 бб.



[13] Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 г.–декабрь 1936 г.) / Арх. упр. МВД Казахской ССР [сост. Ф.Н. Базанова]. — Алма-Ата, 1959. — 285 с.

[14] История Казахстана: народы и культуры: учеб. пос. / Н.Э. Масанов и др. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 608 с.

[15] Абуов Н.А. Депортации народов в Казахстан в 1936–1957 гг. (на материалах Северо-Казахстанской и Кокчетавской областей): автореф. дис. ... канд. ист. наук / Н.А. Абуов. — Караганда, 2008. — 30 с.

[16] Зеренді ауданының мемлекеттік архиві. Қ.1, Т.1, Іс - 6.

[17] Зеренді ауданының мемлекеттік архиві. Қ.1, Т.1, Іс - 125.

[18] Зеренді ауданының мемлекеттік архиві. Қ.1, Т.1, Іс - 127.

[19] Зеренді ауданының мемлекеттік архиві. Қ.1, Т.1, Іс - 129.

[20] Зеренді ауданының мемлекеттік архиві. Қ.1, Т.2, Іс – 4 (8).

[21] Сейітқасымов А.А. «1920-1950 жылдардағы Ақмола, Көкше-Есіл, Атбасар өңіріндегі саяси қуғын-сүргін. Тарихы, Зерттелуі. Тағылымы». Көкшетау: «Мир печати», ЖК Устюгова Н.Ф., - 2025. – 528 б.

REFERENCES

[1] Abylkhodzhin Zh. B., Kozybaev M. K., Tatimov M. B. Kazakhstanskaya tragediya // Voprosy istorii. - 1989. - No. 7. - S. 53–71. [Abylkhodzhin Zh. B., Kozybaev M. K., Tatimov M. B. The Kazakh Tragedy // Questions of History. - 1989. - No. 7. - P. 53–71.]

[2] Kozybaev M.K. Istoriya i sovremennost'. Alma-Ata: Gylym, 1991. – 203 s. [Kozybaev M.K. History and Modernity. Alma-Ata: Gylym, 1991. – 203 p.]

[3] Abylkhodzhin Zh.B. Ocherki sotsial'no-ekonomicheskoy istorii Kazakhstana XX veka. – Almaty, 1997. – 358 s. [Abylkhodzhin Zh.B. Essays on the Socio-Economic History of Kazakhstan in the 20th Century. – Almaty, 1997. – 358 p.]

[4] Shaimukhanov D.A., Shaimukhanova S.D. Karlag. – Karaganda: Nats. agentstvo po delam pechati i massovoy informatsii Respubliki Kazakhstan, 1997. – 175 s. [Shaimukhanov D.A., Shaimukhanova S.D. Karlag. – Karaganda: National Agency for Press and Mass Information of the Republic of Kazakhstan, 1997. – 175 p.]

[5] Aldazhumanov K.S., Aldazhumanov E.K. Deportatsiya narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima. – Almaty: Fond «XXI vek», 1997. – 243 s. [Aldazhumanov K.S., Aldazhumanov E.K. Deportation of Peoples – A Crime of the Totalitarian Regime. – Almaty: XXI Century Foundation, 1997. – 243 p.]

[6] Kydyralina Zh.U. Deportirovannye v Kazakhstan narody: istoriya i sovremennost'. – Almaty: Gylym, 1999. – 187 s. [Kydyralina Zh.U. Peoples Deported to Kazakhstan: History and Modernity. – Almaty: Gylym, 1999. – 187 p.]

[7] Aldazhumanov K.S. Rasselenie deportirovannykh nemtsev v Kazakhstane v 1941–1945 gg. Istoriya nemtsev Tsentral'noy Azii. – Almaty, 2000. – S. 245–250. [Aldazhumanov K.S. Settlement of Deported Germans in Kazakhstan in 1941–1945. In: History of the Germans of Central Asia. – Almaty, 2000. – P. 245–250.]



[8] Dil'manov S.D. *Ispravitel'no-trudovye lagerya na territorii Kazakhstana (1930–1956 gg.)*. – Almaty, 2002. – 350 s. [Dilmanov S.D. *Correctional Labor Camps in Kazakhstan (1930–1956)*. – Almaty, 2002. – 350 p.]

[9] Eleukhanova S.V. *Istoriya Karlaga: okhrana, rezhim i usloviya sodержaniya zaklyuchennykh (1930–1956 gg.): avtoreferat ... kand. ist. nauk.* – Karaganda, 2009. – 24 s. [Eleukhanova S.V. *The History of Karlag: Security, Regime and Conditions of Detention (1930–1956): Abstract of Candidate of Historical Sciences*. – Karaganda, 2009. – 24 p.]

[10] Allaniyazov T.K. *Karlag: Kengirskoye vosstanie. K istorii vosstaniya zaklyuchennykh 3-go otdeleniya Stepnogo lagerya MVD SSSR (16 maya – 26 iyunya 1954 goda)*. – Karaganda: Bolashak-Baspa, 2010. – 305 s. [Allaniyazov T.K. *Karlag: The Kengir Uprising. On the History of the Uprising of the 3rd Section of the Steppe Camp of the USSR Ministry of Internal Affairs (May 16 – June 26, 1954)*. – Karaganda: Bolashak-Baspa, 2010. – 305 p.]

[11] Islamuly I. *Karlag tutkynynda bolgan dini kyzmetshiler. Svyashchennosluzhiteli – uzniki Karlaga*. – Karaganda: Bolashak-Baspa, 2013. – 338 b. [Islamuly I. *Religious Servants Who Were Prisoners in Karlag*. – Karaganda: Bolashak-Baspa, 2013. – 338 p.]

[12] Musagalieva A.S. *Soltustik Qazaqstandagy «Alzhir» ayelder lagerinin tarikhy: tarikhnama zhane muraghatytk derekter. // «edu.e-history.kz» khalyqaralyk elektron dy ghylymi zhurnaly. (4), 15.12.2016. 245–254 bb.* [Musagalieva A.S. *History of the ALZHIR Women's Camp in Northern Kazakhstan: Historiography and Archival Sources. // "edu.e-history.kz" International Electronic Scientific Journal. (4), 15.12.2016. P. 245–254.*]

[13] *Spravochnik po administrativno-territorial'nomu deleniyu Kazakhstana (avgust 1920 g.–dekabr' 1936 g.) / Arkh. upr. MVD Kazakhskoy SSR [sost. F.N. Bazanova]. — Alma-Ata, 1959. — 285 s.* [Reference Book on the Administrative-Territorial Division of Kazakhstan (August 1920 – December 1936) / Archive Dept. of the Ministry of Internal Affairs of the Kazakh SSR [compiled by F.N. Bazanova]. — Alma-Ata, 1959. — 285 p.]

[14] *Istoriya Kazakhstana: narody i kultury: ucheb. pos. / N.E. Masanov i dr. — Almaty: Daik-Press, 2001. — 608 s.* [History of Kazakhstan: Peoples and Cultures: Textbook / N.E. Masanov et al. — Almaty: Daik-Press, 2001. — 608 p.]

[15] Abuov N.A. *Deportatsii narodov v Kazakhstan v 1936–1957 gg. (na materialakh Severo-Kazakhstanskoy i Kokshetavskoy oblastey): avtoreferat dis. ... kand. ist. nauk.* — Karaganda, 2008. — 30 s. [Abuov N.A. *Deportations of Peoples to Kazakhstan in 1936–1957 (Based on Materials from North Kazakhstan and Kokshetau Regions): Abstract of Candidate of Historical Sciences*. — Karaganda, 2008. — 30 p.]

[16] Zherendi audanynyn memlekettik arkhivi. Q.1, T.1, Is – 6. [State Archive of Zherendi District. F.1, Inv.1, File – 6.]

[17] Zherendi audanynyn memlekettik arkhivi. Q.1, T.1, Is –125. [State Archive of Zherendi District. F.1, Inv.1, File – 125.]

[18] Zherendi audanynyn memlekettik arkhivi. Q.1, T.1, Is –127. [State Archive of Zherendi District. F.1, Inv.1, File – 127.]



[19] Zherendi audanynyn memlekettik arkhivi. Q.1, T.1, Is –129. [State Archive of Zherendi District. F.1, Inv.1, File – 129.]

[20] Zherendi audanynyn memlekettik arkhivi. Q.1, T.2, Is – 4(8). [State Archive of Zherendi District. F.1, Inv.1, File – 4(8).]

[21] Seitqasymov A.A. 1920–1950 zhildardagy Aqmola, Kokshe-Esil, Atbasar onirindegi sayasi qugyn-surgin. Tarikhy, Zerttelui, Tagylymy. – Kokshetau: Mir pechati, ZhK Ustyugova N.F., 2025. – 528 b. [Seitqasymov A.A. Political Repressions in Akmola, Kokshe-Esil, Atbasar Regions in 1920–1950. History, Research, Lessons. – Kokshetau: Mir Pechati, Individual Enterprise Ustyugova N.F., 2025. – 528 p.]

**Утегенов М.З., Сейфулин Т.Е., Жанисов А.Т.
ИСТОРИЯ ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВЫХ ЛАГЕРЕЙ В
ЗЕРЕНДИНСКОМ РАЙОНЕ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ (1930–1950 гг.):
НА ОСНОВЕ УСТНЫХ ИСТОЧНИКОВ**

Аннотация. В статье рассматривается история исправительно-трудовых лагерей на территории Зерендинского района Акмолинской области в 30–50-х годах XX века. Известно, что в этот период территория Акмолинской области стала одним из основных центров сталинских лагерей, депортаций и политических ссылок. В годы репрессий на территории Казахстана широко распространились лагерные системы Карлага и Степлага, которые имеют собственную историю изучения: с обретением Независимости данные лагеря стали активно исследоваться историками, краеведами и учеными. В последние годы, благодаря рассекречиванию архивных документов, начали публиковаться новые данные по ранее закрытой теме, что способствовало формированию нового взгляда на данные события. После выхода Указа Президента Республики Казахстан К.-Ж. К. Токаева от 24 ноября 2020 года «О создании Государственной комиссии по полному реабилитированию жертв политических репрессий» была организована серия полевых экспедиций в Зерендинский район.

Ключевые слова: исправительно-трудовые лагеря; политические репрессии; Акмолинская область; Зерендинский район; архивные документы; принудительное переселение; депортация; полевые экспедиции; немцы, украинцы; интеллигенция.

**Utegenov M., Seifulin T., Zhanissov A.
HISTORY OF CORRECTIONAL LABOR CAMPS IN ZERENDI
DISTRICT OF AKMOLA REGION (1930-1950): BASED ON ORAL SOURCES**

Annotation. The article examines the history of correctional labor camps in the Zerendi district of Akmola region in the 30-50s of the XX century. It is known that during this period the territory of the Akmola region became one of the main centers of Stalin's camps, deportations and political exile. During the years of repression, the Karlag and Steplag camp systems spread widely in Kazakhstan, which have their own history of study: after Independence, these camps began to be actively studied by historians, local historians and scientists. In recent years, thanks to the declassification of archival documents, new data on a previously closed topic began to be published, which contributed to the formation of a new perspective on these events. After the



release of the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan K.-J. K. Tokayev dated November 24, 2020 "On the establishment of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression", a series of field expeditions to the Zerendi district was organized.

Keywords: correctional labor camps; political repression; Akmola region; Zerendi district; archival documents; forced resettlement; deportation; field expeditions; Germans; Ukrainians; intelligentsia.